

ӘДЕКЕҢ – ӘДИ ШӘРІПОВ

Студент, бәлкім, аспирант кезім, алғаш рет әлдебір кинохроникадан көрдім. Шет елдік делегацияны қабылдау – қонақасы рәсімі, дастарқан басында. Мәртебелі азиялық, немесе, нақты есімде жоқ, африкалық мейманға табақ тартылған кезде, әлдене бүлініп кете ме дегендей, қатты алаңдады. Ақыры, жадырап күлген. Жалпақ бет, ашық жүзді кісі екен. Көздері тым үлкен, жылқының көзіндей томпақ. «Илиада» жырындағы «волоокая Гера» деген сөз есіме түскен. – «өгізкөзді Гера» [сұлу]. Бізде «бота көз» ғой. Ер адамға «жылқы көз» деп айтса қалай болар екен деп ойладым. Киножурналдың есте қалуы да осы өзгеше теңеуге байланысты. Бірақ келісімсіз сияқты. Біздің ұғымда қалыптаспаған. «Жылқы мінез» бар, «жылқы көз» жоқ. Әди Шәріпов деген ұлық ағамыз бұл кезде министр, әлде министрлер Советі төрағасының орынбасары болса керек. Аса келбетті және жарқын кісі көрінді. Қазақ мұндай көрнекті адамдарды «марғасқа» деп сыпаттайды. Сол марғасқаның нағыз өзі екені бірден аңдалған.

Арада тым көп ұзамай өзін де танып білдік. Мен «Қазақ әдебиеті» газетінде қызмет атқарам, 1966, шамасы март айының бас кезі, Жазушылар одағына төраға болып тағайындалды. Жоғарыдан күшпен ысырылған Ғабит Мүсіреповтің орнына. Бұл кісі де зорлықпен, еріксіз келген екен. Министрлер Советінен шеттету қажет болған. Және одан әрі құлдырату. Ол үшін, көп ұзамай-ақ жабыла жеп қояр деген тұспалмен, қашанда күйіп-жанып тұрған дау-дамайлы, айтыс-тартысты қаламгерлер қауымының қақ ортасына бағытталған. Мен жазушы емеспін ғой, бұл ұйымды қалай басқарам десе, әдебиетші ғылым кандидатысың, әрі жазушысың, «Партизан қызы» деген повесің бар, депті. Амал жоқ, кеше ғана Ғабит Мүсірепов, одан бұрнада Ғабиден Мұстафин, оған дейін Сәбит Мұқанов сияқты тірі классиктер кезектесе басқарған өзгеше ұжымға бекітіледі. Төрағаның кабинеті кең, одан арғы дүние – тар. Шынында да, ол кезде советтік тәртіп қаншама қысаң дегенмен, шығармашылық қауым өзінше біршама еркін болатын, саясатта, қоғамдық ортада емес, негізінен басқару жүйесі, өзара қатынаста. Біздің жұрт әуелде тіксінген, содан соң айран-асыр дағдарған. Үлкендер осыған ұқсас жағдай соғыстан соңғы қырағылық кезеңінде орын алғанын еске салыпты, партиялық нұсқау бойынша көлденеңнен келген кісі ешқандай абырой таппаған екен. Соның кебін құшады дескен. Бірақ ақыр түбінде бәрі де керісінше шықты.

Жазушылар одағында әр кезде Мұхтар Әуезовтен басқа ең үлкен қаламгер тұлғалар, оларға тетелес тағы қаншама мықты қызмет атқарды. Бірақ түптеп келгенде, солардың ешқайсы да дәл Әди Шәріповтей жемісті, пайдалы жұмыс жасай алмады. Ынтасының кемдігінен, салғырт, салақтықтан емес. Кез келген қаламгерге тән шектеулі мүмкіндік негізінде. 1944 жылдан бастап ат үстінде жүрген, әуелде Оқу министрінің орынбасары, содан соң Оқу министрі, одан беріде Қазақ ССР Министрлер

Советі төрағасының орынбасары, сонымен қатар, шартты Сыртқы Істер министрі қызметін атқарған, республикалық және Одақтық Жоғарғы Советтің депутаты болған, яғни, партиялық билік жүйесін бүге-шігесіне дейін танып білген, мейлінше іскер, әрі кешегі қанды соғыс кезінде Белоруссияда партизан отрядын басқарған атаусыз қаһарман беделі бар. Оның үстіне парасаты зор, мінезі ұстамды, алды кең және жазармандар қауымына жанашырлығы мол кісі болып шықты. Әди Шәріповтің біз көрген, куә болған бес жылдық басшылығы кезінде Жазушылар одағы бұрнағы ақсақалдар тұсындағы беделінің үстіне, іргеленіп, нығайып, жаңғыра түсті. Ең алдымен штаттағы, «әдеби кеңесші» аталатын қызметкерлердің саны артты және айлық ақшалары да көбейді. Бұрнада бастапқы үш басшы ғана машина мінетін, енді бұл қатарға жаңадан қосылған тағы екі хатшы да көлікті болды, соған қоса, секретариат түгелдей үстеме жалақыға жетті. Бұрнада баяғы 37-жыл демейік, 40-50-жылдардан келе жатқан дау-дамайлы, пәлелі-жалалы талқылаулар, тіпті, осының алдында ғана Сәбит Мұқановты түтелеген, Зейін Шашкин, тағы бір жазушыларды «ақылына түсіру» бағдарындағы еріксіз сарапқа салу тоқталды. Бұл кездегі, адасқан, алжасқан шатағы, теріс пиғыл, жат сарындары болуға мүмкін «Қаһар» романының өзі ұйымдасқан сүргіге түспей, тілектес қана емес, сындарлы, салмақты мәжілістен соң мақұлданды. Жазушылар одағы кезектен тыс, жыл сайын алып отыруға тиіс әлденеше пәтерге жол ашылды, ортаңғылар қонысын кеңейтіп тұрса, кейінгі жастардың қажетті баспанаға қолдары жетіп жатты. Ең бастысы – Әди Шәріпов өзінің жоғарғы жақтағы беделі мен байланысы және қиынның қиюын тапқан өтімді іскерлігі арқасында, жері тарыла бастаған Алматының қақ ортасы – Жамбыл даңғылы, Байзақов пен Чапаев көшелерінің аралығынан қорамды жер кестіріп алды, бұл арада Әдекеңнің тұсында басталған және кейініректе қолға алынған екі үй салынды – Жамбыл 163 және Жамбыл 165 – тек қана Жазушылар қоныстанған, ауызекі тілде Сары үй және Ақ үй аталған қосарлы мекен-жай. Ол заманда жазушылардың босаған үйлері де осы Одақтың иелігінде қалатын заң болған. Қаламгер қауымға арналған, Сталин заманынан бері келе жатқан кеңшілік. Мәселен, Жамбыл көшесіндегі алғашқы ғимаратта үш бөлмелік һәм төрт бөлмелік, сол дәуір тұрғысынан алғанда жайлы, әрі кең он алты пәтер болды. Осы жаңа үйге қолы жеткен танымал он алты жазушының бұрнағы он алты пәтері босады деңіз, енді бұл үйлерге пәтері тараң, немесе болмаған он алты жазушы көшіп, қонсын, олардан қалған тағы бес-алты үй – келесі топқа тиесілі. Сонда, жаңадан салынған әрбір пәтер бір емес, екі, үш, бірнеше адамға пана болады екен. Осы, бірі Әдекеңнен соң көп ұзамай қатарға қосылған, тағы бірі – дайын тұрған жерге кейінірек салынған екі қоныс қана емес, Москвадағы үлкен Одақ, Украина мен Балтық бойындағы жазушылар қауымы иеленіп жатқан Шығармашылық Үй рәсімі – Қазақстанға да жұғысты болуға керек деп шешкен Әди Шәріпов Алматының тау бетінен мольна кестіріп, аумақты, әрі құйқалы жер теліміне қол жеткізді. Жазушылардың болашақ Шығармашылық Үйінің іргесі осылай қаланған еді. Бәрі заңды десек те,

Әди Шәріповтың қамқор және жанашыр қызметінің арқасында жүзеге асқан жетістік.

Біздің жұртқа кім жаққан. Жеке бас пайдасы емес, бөтен есебі және жоқ, қазақ зиялылары топталған Жазушылар одағының игілігі мен берекесі үшін осыншама риясыз қызмет жасап отырған Әди Шәріповтың үстінен де қаншама арыз жазылыпты. Соның бірі – қаламгерлер қауымын көлденең көк атты емес, біздің өзіміз неге басқармаймыз дейтін бақай есептен туындап, біраз кісіні қосып әкеткен әйгілі «Он жетінің ғарызы». Әди Шәріповтың Одақтан кетуі – асса екі-үш адамға ғана керек болған шығар, биік мансап үшін, ал қалған жұртқа не дауа. Оның ішінде Әдекеңнің шапағатын көріп жүрген, ешқандай пенделік өкпе, әлеуметтік кінәраты болмауға тиіс ағайындар да бар екен. Соның бірі Қадыр Мырзалиевтің кейінде үлкен өкініш айтып, Әдекеңнің аруағынан кешірім сұрағаны белгілі. Адасқанмен, айыбын таныған шетін жағдаят. Көпшілік жұрт сол беті кетті.

Жазушылар одағында жүрген кезінде менің өзімнің Әдекеңмен тікелей байланысым да, елеулі жақындығым да болған жоқ. Әйтсе де, маған ғана емес, қазақ әдебиетінің ежелгі һәм жаңа тарихына қатысты үлкен бір шаруаға себепкер болғанын атай кету парыз. 1970 жылдың көктемі, мен «Жазушы» баспасында қызмет атқарам. Бір күні шұғыл шақыртты. Барсам, беймәлім орыс әйелі отыр. Таныстырды. Қиырдан келіпті, «Советский писатель» баспасының Ленинград бөлімшесінің «Библиотека поэта» редакциясынан. Мұнда Одақтық он бес республиканың әрқайсына арналған толымды антологиялар жоспарланып қойған екен. Мәселен, «Поэты Украины», «Поэты Таджикистана», «Поэты Латвии» деген тұрғыда. Осы ретте «Поэты Казахстана» жинағы да дайындалуға тиіс. Баспа редакторы осы мақсатпен жүр. Өте маңызды шаруа. Қонағымыздың айқындама сөзінен соң Әдекең қазақшаға көшті. «Сен ескі жырауларды зерттедің, енді жинағын шығарғалы жатыр екенсің. Мына кісіге кім екеніңді айтып, осы антологияны құрастырушы ретінде ұсынып отырмын. Қиынға түспейді, уақытың кетпейді, жасап шық. Келісесің бе?» – деген. Мен істің мән-жайын толық аңдаған едім. Басымды изедім. Иә. Осыдан соң орысшаға көштік. Қонағымыз мейірленіп қалды. Енді ақылдасып, қалғанын өздеріңіз шешіңдер, деген Әдекең. Ленинградтық редактор рақмет, ризашылығын айтты, біз төменге – менің кабинетіме келдік. Мәселенің ауқымы өте кең екен. Жинақ ескіден тартып, бүгінгі заманға жетуі керек. Бұл кейінгілер де дүниеден өтіп кеткен тұлғалар болуға тиіс. Яғни, арғы-бергі қазақ поэзиясы түгел қамтылады. Тек бұрнада осы сериямен кітаптары шығып кеткен Абай мен кейінірек шығуға тиіс Жамбыл ғана сырт қалмақ. Жалпы көлемі ауқымды – мөлшермен жиырма баспа табақ. Өзіндік ерекшелік, тиесілі қалыбы – мына нұсқауша кітапта жазылған: көлемді алғысөз, әрбір ақын туралы ғұмырбаяндық анықтама, ең соңында дәйекті түсініктеме және есімдер мен терминдер сөздігі. Сіз жаңа айтылғандай толық келісім берсеңіз, көп ұзамай баспамен шарт жасалады. Тек алдынала ескерте кетейін,

қаламақысы шамалы. Осыншама үлкен шаруа атқардым деп рухани қанағат табасыз, деген ақырында күліп.

Көріп отырмын, Әдекең сырттай шамалағандай тым жеңіл жұмыс емес. Көп уақыт кетуге тиіс. Оның үстіне, бәрі де орысша – ақындар түгелге жуық жаңадан аударылуы керек, менің жекелей жазбаларым тағы тұр. Алайда, мен Әдекең бағыттаған игілікті іске мейлінше ынталы едім. Қайырлы жұмыс, қажетті жұмыс. Осы кітаптан соң қазақ әдебиетінің ежелгі кезеңі біржола негізделеді. Арғы дәуір ғана емес, Қазақ Ордасы заманындағы бес ғасырлық ұзақ шеру бастан-аяқ жаңаша көрініс табуға тиіс. Ұлттық руханият, далалық ұлы әдебиет тарихындағы төңкерісті кітап жасауға мүмкіндік туып тұр...

Көп ұзамай кірісіп кеттік. Түптің түбінде, мен ойлағаннан да ауыр, еселеген қиындыққа түскен. Үстеме бейнет, көлденең кесел, күтпеген бөгесіндер. Бұл мерейлі, әрі азапты, ең бастысы – саяси қылмысқа парапар астыртын, ұланғайыр жұмыс тура жеті жылға созылған. Ақыр түбінде, 1978 жылы жарыққа жетіпті. Түбегейлі болмаса да, негізгі тарихы кейінірек, 1996–1998 жылдарда жазылған «Мен» атты ғұмырбаяндық дилогияда баяндалған. Еске алып отырғаным – осы ғажайып антологияға менің жалғасым Әди аға Шәріповтың арқасында ғана мүмкін болғанын атап айту. Әлбетте, жоспарлы совет заманында Әдекең араласып, мен атқармасам да, әйтеуір бір «Поэты Казахстана» жинағы шығатын еді, алайда, XV–XVIII ғасырларда жасаған ұлы жыраулар сыртта қалады, сондай-ақ, кезінде маған қаншама сөгіс әкелген, шынында да жабық астында өткерілген Дулат, Шортанбай, Мұрат, Базар, Мәшһүр-Жүсіп, Нарманбет, Ғұмар Қарашев сияқты, қатаң тыйым астындағы, бар жағынан «күмәнді» алып тұлғалар мүлде атаусыз кетер еді, қыспақты дәуірде алғаш рет әдеби қызметі мен тарихтағы орны ауызекі дақпырт емес, жазба түрде, ресми бағаланған және негізгі бағдарын айқындайтын толымды топтамасы аударылып басылған Шәкерім туралы айтып жатудың өзі артық. Менің қаншама қиындыққа түскен, жүйкені жұқартқан мехнатты еңбегім кейінде қалай бағаланса да, бұл іске себепкер болған Әди Шәріповтың жанама қызметі ұмыт қалмауға тиіс.

Осы орайдағы, қажырлы қайраткер Әди Шәріповтың өзі тікелей атқарған өзгеше бір шаруаны атап айту шарт – Мұхтар Әуезовтың бақиға кеткен есепті «Қилы заман» романының қайтадан тірілуі. Өз кезінде Одақ төңірегіндегі біраз жұрт нақты куәгер болған жағдаят. Алайда осы бір ерекше еңбек күні бүгінге дейін көлеңкеде қалып отыр. Мүлде ұмытылмаса да, ұмытылуға жақын жағдайда. Оны аз десеңіз, Әди Шәріповтың аса батыл, ақыры оң нәтижеге жеткізген ауыр, абыройлы жұмысы бөтен біреулерге телініп жүр. Бұл тарапта, басқадай нақты куәліктермен қатар, Әдекеңнің өзінің дәйекті естелік жазбалары бар – жарияға шыққан, жалпы жұрт алдына таратылған. Әуелде «Жұлдыз» журналында ықшамдалып жарияланды – 1994, №9, содан соң «Көргенім, көңіліме түйгенім» атты естеліктер кітабында басылды – 1998.

Үстірт тауарихы былайша. Әди Шәріпов 1961 жылы көктемде, Мәскеуге, соңғы сапарға аттанар алдында Министрлер Советінің емханасында тыныстап жатқан Мұхаң сәлемдесе барады. Ықыласты, екі жақты әңгіме үстінде Мұхаң басқа бір жағдаяттармен қатар, ең үлкен аманат – баяғы «Қилы заманды» қайта шығару қажетін айтып, міндет артқандай болыпты. Өмірінің бұдан әрі жалғасарына күмән емес, ішкі бір түйсіктен туындаған алаң мен қауіп әсері. Болашаққа бағдар. Әдекең қандай жағдайда да орынды тапсырма ретінде қабылдапты. Көп ұзамай ұлы Мұхаң дүниеден өткен кезде, әрине, сол бір әңгіме түйіртпектеліп, көкейде тұрады. Алайда, дүние тар еді, Әдекең байқастан көрсе де, ешқандай мүмкіндік таппайды. Ақыры, 1966 жылдың март айында Жазушылар одағына келді. Көпті көрген Әди Шәріповтың өзі үшін мүлде басқа бір әлем. Енді, жаңа жұмысын игеріп, совет шегінде болса да, өзгешелеу ғұмыр кешіп жатқан қауымның жай-жапсарын анық аңдаған соң, ұлы Мұхаңның аманатын жүзеге асыру мүмкіндігіне ден қояды.

«Қилы заман» 1928 жылы Қызыл-Ордада басылған. Қазақ әдебиетінің тарихындағы өзгеше құбылыс. Ресейдің империялық отаршылдық қыспағын бүткіл Орталық Азия шегінде алғаш рет айғақтаған және кемел көркемдік деңгейінде жазылған шынайы шығарма. Сондықтан да мұрагер отаршы қызыл коммунистер қабылдай алмаған, тыйым салған. Мұндай тосын туындыны қайта көтерудің өзі қатерлі әрекет болатын. Әдекең осының бәрін саралап, салмақтай келе, біршама ұзаққа созылып, машақатқа түсетін, ақыры ойдағы нәтижеге жеткізер ұтымды амал табады.

Роман араб жазуы, төтенше үлгіде басылған. Өз қолында бар екен. Бәлкім, жерлес, ежелгі досы, қаншама ескілікті әдебиет нұсқаларын құпия сөрелерде сақтап отырған әдебиетші Төкен Абдрахмановтан алды. (Біздің білуімізше, Ахмет Байтұрсыновтың, кейінде, заман оңалған кезде Әдекең алғаш рет «Жұлдызда» жариялатқан «Әдебиет танытқышының» да түп төркіні осы Төкен Абдрахмановқа барып тіреледі.) Қайткенде, кітап бар, қолында тұр. Енді осы, бұл кезде жалпы жұрт қана емес, әдебиетші қауымның өзі үшін «қытай жазуына» парапар араб таңбалы мәтінді орыс-кирилл әліпбиі негізінде нұсқалау керек. Нақты айту қиын, ескіліктен қол үзбеген әрі сенімді әлдебір мәшіңкеші әйелге тапсырды ма, әйтпесе, өзі де мәшіңке басатын, сыртқа жібермей, өз қолымен түгендеп шықты ма, ақыры жүзеге асырған. «Қилы заманның» қазақ-кирилл қолжазбасы сол калпында, түп-түгел дайын!

Міне, осы кезде Әди Шәріпов алғашқы, батыл, әрі қапыл барлау қажетіне ден қояды. «Қилы заман» туралы жаңа бір, төтенше сөз қажет! Өзі – ресми адам, әрі түпкі ниет аңдалып қалуға мүмкін, сондықтан көлденең бір әдебиетшінің есімі алға шығуға тиіс. Қырық жыл бойы жабық жатқан, советке қарсы, идеялық зиянды деп танылған классикалық роман туралы қалыпты түсінікке қарама-қайшы және сол тұстың өзінде дәлелді, мазмұнды мақала жазу үшін зерделі таным қажет еді. Және белгілі мөлшердегі батылдық. Таңдау – Мұхтар Әуезов трагедиялары туралы диссертация жазып жүрген, жекелеген мақалалары баспасөзге де

өткен жас әдебиетші Рымғали Нұрғалиевке түседі. Бұл кезде Жазушылар одағының сын секциясында кеңесші, сонымен қатар, белгілі бір мөлшерде, бейресми түрде төрағаның референті, әдеби көмекші. Екеу ара қандай әңгіме болғанын нақты білмейміз, бірақ шамалау қиын емес. Ең бастысы – жас жігіттің қауіпсіздігіне кепіл. Рымғали тәуекелге бел байлапты. «Қилы заманның» Әдекең қолына ұстатқан, қазақ қаріпті бір данасын мұқият оқып, тексерістеп, салмақтап, саяси тұрғыдан тиянақты, бар жағынан бірдей қамсызданған, сауатты мақала жазып бітіреді. Қажетті мақала дайын. Енді мұндай шатақ толғамды жарыққа шығару керек. Оңай емес, бірақ мүмкін екен. Келесі салмақ – Жазушылар одағының ғұзырындағы, яғни төраға Әди Шәріповке тікелей қарасты «Қазақ әдебиеті» газетінің редакторы Нығмет Ғабдуллинге түседі. Бұл міндетті парызды адамдық мәдениеті жоғары, сыпайы, сондықтан аса момын, жұмсақ көрінетін, шын мәнісінде қайсар, әрі батыл, соған қоса өрісі кең, танымы зор Нығмет Ғабдуллин мойнына алыпты. Ақыры, бөгесінсіз жолы ашылған шулы мақала «Қилы заман» қандай шығарма?» дейтін тақырыппен газеттің 1 сентябрь күнгі санында басылып шықты, 1967 жыл.

Осы арада нақты бір дәйектеме қажет сияқты. Рымғалидың өзі, Әдекең дүниеден өткеннен көп кейін, әлдебір естелік кейіпті жазбаларында «Қилы заман» оқиғасын жан-жақты, нақты баяндамақ ыңғай танытады. Ағасын мүлде атаусыз қалдырып, өзін мейлінше көтеретін тұтас бір ертегі және соған жалғас тағы бір хикаяттар ойлап тауыпты. Мұханның жабық романы туралы жазғым келді, ақыры түнұсқа басылымы Сапарғали Бегалин ақсақалда барын естіп, алдына жеттім, қалап сұрап алдым, дейді. Міне, осы Сапекеннің сандығынан шыққан көне кітапты түбегейлі зерттеп барып, атаулы мақаланы жазыпты. Шындығы мүлде басқаша. Рымғалидың «Қилы заман» тақырыбына сол кездегі тікелей бастығы әрі қамқоршысы Әди Шәріповтің ұсынысы және қолдауымен қалам тартуы күмәнсіз. Қазақ-кирилл таңбасына көшірілген қолжазбаны да тікелей Әди Шәріповтен алған. Расында, Рымғалидың араб жазуын тануы онша жетік емес еді. Бұрнағы да, кейінгі де жұмыстарында Қытайдан келген, сауатты әрі саналы қаламгер Құрманбай Толыбаевтың көмегіне жүгініп отыратын. Тұтас бір романды ежіктеп тауыса алмас еді. Оның үстіне, диссертация қамындағы талапкер, табиғатында сақ жігітіміз мұндай алмағайып, керек десеңіз, қатерлі іске өз бетімен аяқ баспайды және қаламгерлер газетін басқарып отырған Нығмет Ғабдуллин де, дүние қисайса, бүткіл Жазушылар одағына ылаң әкелетін тайғанақ мәселені Төрағамен кеңеспей, албатыдан шешуі мүмкін емес-ті. Айттық, бұл кезде Рымғалидың өзі де Әдекеңнің бұйдасында. Әзірге еш жерде нақты жазылмаса да, даусыз ақиқат – атаулы мақала Әди Шәріпов дайындап отырған қолжазба негізінде һәм сол кісінің кеңесімен жазылды және әдебиет газетіне де осы Әдекеңнің нұсқауы бойынша басылды. Ол заманда қандай да кеселді түйін оп-оңай, төмендегі бір кісілердің қалау, ырқымен, шешіле салмайтын. Бұл айтып отырғанымыз – Рымғалидың өзгеше еңбегіне көлеңке түсіру емес, қазақ әдебиетінің

тарихына қатысты, аса мәнді бір мәселенің шындық негізін айқындау ғана. Қайткенде де Рымғали ол заманда әркімнің батылы бара бермейтін, қыңыр-қиғаш, дау-дамайлы тақырыпты мойнына алды және күрделі романның негізгі тұрғыларын ақтаған сауатты мақала жазып шықты. Қалай десек те, ғайыптан басылған мақаланың барысында «Қилы заман» романы – советтік саясатқа қайшы келмейтін, ұлттар достығына және басқа да ізгі идеяларға көлеңке түсірмейтін, саяси зиянды астары жоқ, феодалдық, реакциялық жат сарындардан аулақ, өткен патшалық заманды, орыс шенеуніктері мен қазақ феодалдарының күйкі тірлігін ғана әшкерелейтін, сыншыл рухтағы шығарма деген қорытынды жасалады. Ендеше, әлемге танылған даңқты Мұхтар Әуезовтың осындай романының бүркемеде жататын жөні жоқ, қайтадан жарыққа жетуі керек. Рымғалидың зерттеушілік қызметіне қатысты кейінгі бір мақалаларда осыдан соң ойбай-аттан көтерілді, бөлім бастығы мен газет редакторы жұмысынан кетті, мақала авторы да қудаланды дегендей ақпар айтылады екен. Бәрі бекер, ешқандай дабыра, айқай болған жоқ, түпе-түгел аман-есен, орнында қалды. Рымғали да бұдан соң жылға жуық осы жұмысында болды. Бұл – қазақ руханиятындағы біршама байсал заман еді. Алда-жалда әлдекімдер төтенше сөз көтермек болса, оның бәрін дымын шығармай, ақылды саясаткер Әдекең басып тастамақ. Бірақ ондай пәлелі дақпырт байқалмаған. Нығмет Ғабдуллиннің редактор және әдеби қайраткер ретіндегі беделі көтеріле түсті. Рымғали Нұрғалиев атакқа шығып, абыройы асты, Әди Шәріповтың берік сеніміне жетті, көп ұзамай диссертациясын қорғағаннан кейін Әдекеңнің, тағы бір ағайындардың қолдауымен Қазақ университетіне ұстаздық жұмысқа ауысты.

Қайткенде де тасадан және қапысыз әрекет еткен Әди Шәріпов осыған жалғас нақты қадамға шешінеді. Роман туралы оңды сөз болды, оған ресми тұрғыда атаулы қарсылық айтылмады, заман басқаша екен, алайда, осының бәрі – жауапты шаруаның кіріспесіне ғана дайындық саналған сияқты. «Қилы заманды» бұл тарапта осы қалпында жарыққа жеткізу тұрмақ, баспаға ұсынудың өзі мүмкін емес. Жолы біржола қиылуы ықтимал. Ықтимал емес, анық. Әуел бастан арғы түбін ойлаған Әдекең енді «Қилы заманды» орысшаға аударту қажетіне ден қояды. Тікелей аудармашы жоқ, болса да толымсыз, әрі мәнсіз, ұтылысты шаруа. Сол кездегі қалыпты рәсім бойынша, алдымен «жолма-жол» аталатын аралық тәржіма қажет. Әлбетте, бұл жұмыс та құпия жағдайда жүзеге асуға тиіс.

Жазушылар одағында аса сауатты, білімдар және қазақпен қатар орыстың әдеби тіліне де жетік екі азамат бар еді. Біріншісі – баяғы Алаш қайраткері Біләл Сүлеевтен қалған жалғыз ұл, Мұхтар Әуезовтың өзінің тәрбиесін көрген Азат Сүлеев. Аңғалақ, адал, бірақ буыны босаң, берекесі аздау жігіт еді. Екіншісі – көпшілікке Сәбит Мұқанов романдары арқылы мағлұм, атақты Торсан болыстың немересі, Алаш қайраткері Қазі Торсановтың ағасынан туған Сүният Бәкенов болатын. Аузы берік, әрі ұстамды жігіт. Жазушылар одағының орыс тілді барлық қажет-құжатын атқарып жатқан, еңбеккер өгізторы. Мен «Қилы заманның» орысша

жолма-жол тәржімасын басқа, көлденең біреу емес, Әдекеңнің өзінің тікелей ғұзырындағы осы Сүният ағамыз жасады деп білем. Атаусыз қалмауға тиіс үлкен еңбек. Енді тікелей әрекет. Әди Шәріпов бар мәселені байыптап, Мәскеуге қызмет барыстарының бірінде, 1969 жылы осы жолма-жол қолжазбаны белгілі аудармашы, қазақ әдебиетінің досы, бұрнада Әуезовтың басқа да туындыларын, оның ішінде әйгілі «Қараш-қараш оқиғасы» мен «Көксеректі» аударған Алексей Пантиелевке апарып береді және бар жағдайды ұғындырып айтқан. Пантиелев тезінен оқып шығып, мұншама дарқан шығармаға қайран қалған екен. Аударуға қуана келіседі және тақаудағы төрт ай ішінде бар жұмысын тәмам қылыпты. Әди Шәріпов те мейлінше риза болып, ендігі арнайы барысында, әзіргі тағдыры белгісіз аудармаға, әлде өз жанынан, әлде Жазушылар одағының көлденең есебінен, мол кесімді қаламақы ұсынады. Алексей Пантиелев әлі басылмаған және ақыры белгісіз кітаптың қаламақысын алмай қойыпты, ақыры Әдекең қазақ жөнін алға тартып, Мұхаң қарыздар болып қалмауға тиіс деп, бар сияпатын өткізеді. Бұдан соң түпнұсқа жөнімен «Лихая година» деп аталған, дап-дайын, жоғары сапалы көркем аударманы өзі де ежелден таныс, заманында Мұхаңды жақсы білген және сыйлас болған атақты Александр Твардовскийге апарып, ол басқарып отырған ғажайып «Новый мир» журналына ұсыныпты. Мұндай даулы, елеулі шығармалардың тағдырын Твардовскийдің өзі ғана шешетін. Көп ұзатпай оқып шығып, мархаматпен қабыл алады. Енді осыған дейін қырық жылдан астам жабық жатқан шығармаға анықтама алғысөз керек екен. Таңдау – дәп осы кезде Мәскеуге келе қалған Шыңғыс Айтматовқа түседі. Мұхтар Әуезовтың өзі жолын ашқан шәкірті, әрі сонау қилы заманды қазақпен бірге өткеріскен қырғыз халқының өкілі. Айтматов келісіпті және ол да көп ұзатпай, шағын, бірақ тәп-тәуір алғысөз жазып береді. Орыс жұртының мәтеліндей, «ертегі тез айтылады, уақыт ұзаққа созылады» – осыншама игілікті, бірақ ауыр жұмыс, оның тиянағы мен ақырғы көрінісіне дейін, бұдан соң журнал редакциясындағы тығыз график бар, арада күтіске, дірілге толы біраз уақыт өткен, ақыры «Қилы заман» – «Лихая година» әлемдік «Новый мир» журналының 1972 жылғы 6-санында басылып шығады. Бүткіл қазақ халқы, қазақ руханияты үшін кенеусіз қуаныш. Қолма-қол Жазушылар одағындағы қаламгер қауым, Академияның Әдебиет институтындағы ғылыми жұртшылық мәселенің бар сырына қаныққан. Алаш азаматы Әди Шәріповтың ерен еңбегі! Дайын романға талғамды алғысөз жазған Шыңғыс Айтматовқа да рақмет. Ендігі ахуал – уақыт оза келе Әдекеңнің осы бір жанкешті, риясыз қызметі ұмытыла бастады, бірінші орынға «Адамзаттың Айтматовы» шықты. Бәрін атқарған сол екен: тереңнен көтеріп, қайта ашқан, аударған, тіпті, өзі аударған, алқаған, бастырған. Сол үшін қазақ халқы Айтматовқа борыштар!.. Дәп осы тұста Айтматовтың Мұхамед пайғамбарға, ислам дініне тіл тигізген азғын Салман Рушдидің шашбауын көтеріп, оның келесі романын өзі басқарып отырған «Иностранная литература» журналында жариялағаны, бұл аз болғандай, «Ислам дінінде ұйытқы, орталық тұлға жоқ... Мұхамед Иисус Христан төмен тұрады,

ол діни азапкер («мученик») емес» деп мәлімдегені, ақыр түбінде, Мұхтар Әуезовтың атаулы мақала жазып, өзіне бата бергені тұрыпты, Луи Арагонға арнайы тапсырып, француз тіліне аударылуына, одан әрі бүткіл әлемге танылуына жол ашқанын теріске шығарып, мені жарылқаған – Луи Арагонның қатыны Эльза Триоле болатын деп жалтарғаны, ең ақырында, қазақ жанышталып, қорланып жатқан қилы кезеңде «Колбині бар қазақ ақжолтай» деп ұран салғаны... есеп емес. Мұндай сұмдықты жалпы жұрт естіді, білді, мүлде бейхабар қалған жоқ, біле тұра, әуелгі бекім, құлдық санадан арыла алмай, тежеусіз бас ұруын тоқтатпады. «Қилы заман» оқиғасы – осының бір ғана тармағы. Күні бүгінге дейін «Қилы заманды» Айтматов жарыққа шығарды деп дабылдатып жатыр. Тіпті, мәселенің бүге-шігесіне түгел қанық Рымғали Нұрғалиевтің өзі, қияпат роман жөніндегі мақаласын қалай жазғаны туралы естелігінде Әди Шәріповтің есімін ауызға алмайды. Әуелгі әрекеті мен шарапаты тұрыпты, «Қилы заманның» кейінгі, жарыққа шығу тарихына қатысты да атамай кетеді, әуелде мен жаздым, ақырында Айтматов жарыққа жеткізді деп желдіртіп өте шығады. Түсінікті жағдай, шындықтың соңғы кезеңі мағлұм болса, бастау көзі де ашылып қалуы мүмкін ғой. Мұндайда қазақ «арты қуыс» дер еді. Бірақ онсыз да бәрі белгілі. Қаншама жұртқа мағлұм, кезінде баспасөзде таңбаланған ақиқат жағдай. Қазір де ара-тұра, там-тұмдап айтылып жүр. «Қилы заманның» советтік қыспақ дәуірдің өзінде жарыққа жетуі – соғыс майданында батыр болған, бейбіт өмірде ақылман ретінде танылған Әди Шәріповтің арқасы! Әлбетте, Шыңғыс Айтматовтың да зәредей еңбегі бар, бірақ алғысөзді ол жазбаса, басқа біреу жазар еді, тіпті, роман ешқандай алғысөзсіз, редакциялық екі ауыз анықтамамен де басылатын еді. Ал біз – Айтматов! Айтматов!! Жоғын бар қылып, барын еселей көтеріп, далбандап келеміз. Басқаның қаңсығы таңсық көрінген құлдық сананың нақты көрінісі. Сол Айтматов зұлым қанішер ғана емес, адамзаттың азғыны, екі аяқтының сорлысы етіп кейіптеген сайыпқыран бабам Шыңғыс ханды араға тартпай-ақ қояйын, Батыс жұрттарына, христиан әлеміне жағыну мақсатымен ислам дініне, пайғамбар атына қатысты айтқан сандырақ сөздері, о дүниені білмеймін, бұ дүниеде жауапсыз кеткен жоқ...

«Қилы заманның» қиямет жолы қаншама ұзақ болғанымен, алаштың ардагер азаматы Әди Шәріпов тікелей қолға алғаннан соң, арада алты жыл өткенде, әлемдік беделі бар «Новый мир» журналында жарыққа шықты десек, бұл – классикалық роман қазақ үшін де қайыра ашылды деген сөз. Бұл кезде Әдекең өзі өнімді, жемісті қызмет атқарған Жазушылар одағынан ысырылып кеткен еді. Қайткенде, ұлттық руханияттың ұйытқысы, алдыңғы қатарлы ұжым, бұдан әрі отырса, тіпті үлкен беделге жетуі мүмкін. Сондықтан тұйық, әрі тыныш жерге ауыстырады – Ғылым академиясының Мұхтар Әуезов атындағы Әдебиет және Өнер институты. Көп ұзамай мен де осылай қарай ойыстым. Көлденең жұрт Әди Шәріпов әкелді деп шамалаған. Анығы басқаша. Мені әуелде Мәлік Ғабдуллин шақырған. Төтенше бөгесіндер шығып, бастапқы талабымыз нәтижесіз аяқталды. Алайда, көп ұзамай-ақ, осы

зерттеу институтына уақытша жетекші болып тағайындалған Мәлік ағаның алдынан өттім. Бұл екі ортада институтқа Әдекең келді. Ол заманда Ғылым академиясы жылы-жұмсақ, жалақысы мол, абат орын саналады. Әуелгі ниетінен таймаған Мәлік ағаға қоса, мені сөзі өтімді, беделі зор Әбділда Тәжібаев, институт директорының орынбасары, фольклоршы Оразгүл Нұрмағамбетова қолдаған. Жаңа басшы Әдекең қарсы болған жоқ. Тіпті, тәуір көрсе керек. Атаулы конкурстан жеңіл өттім.

Көп ұзамай-ақ Әдекеңмен арамыз бұрынғыдан да жақындаса түскен. Сырттай қарағанда, жаңа директор үшін біршама бөтен ортада мен Жазушылар одағынан бергі біліс қана емес, жақын серік саналсам керек. Бұл кезде «Көк мұнар» романының дауы жалғасып жатыр. Одан бұрын – екі жылға жуық созылған «Алдаспанның» айқайы. Оңды-солды даудамайдан запы болған, қажымасам да, әрнеден бой тоқтатқан, көп нәрседен түңілген кезім, тыныштықтан өзге мұратым жоқ. Жаңа шығармалар күтіп тұр. Оған қоса жаңа зерттеулер. Ең бастысы – Ленинградта жүзеге асуға тиіс алты ғасыр антологиясы. Әдекең әлдеқалай есіне түсіріп, қайыра сұрағанда, өнімсіз шаруасы көп екен, ептеп жылжып жатыр дегем де қойғам. Шын мәнісінде алыс қиырда сондай кітаптың дайындалып жатқанын осы Қазақстанда менен соң білетін жалғыз Әдекең ғана болатын. Сонымен, ол әңгіме қайта қозғалмады. Есесіне бір күні кабинетіне шақырған. Алдында қалыңдығы табан елі, жуан папка жатыр. Қолжазба екен. Өлеңдер. Жай ғана өлең емес, Шәкерім шығармаларының толымды жинағы. «Шәкерім, – деді. – Сен жақсы білуге тиіссің...» Аспирантура кезінде осы Ғылым академиясының Қолжазбалар қорындағы Шәкерім мұрасын түгелдей адақтап шыққам. Біразын бұрыннан білетінім, тіпті, бала кезімнен «Еңлік-Кебек» пен «Қалқаман-Мамырды» жатқа айтатыным өз алдына. «Баржоғын біршама таныған сияқтымын», – дедім. «Енді қайткенде жарыққа шығару керек, – деді Әдекең. – Мынау қолжазба менен бұрын, осы институтта дайындалған екен. Олпы-солпы көрінді. Саған берейін, мұқият қарап шық...» Мен бұл қолжазбамен үш аптадай отырдым. Бұл кезде Шәкерім шығармалары түгелге жуық араб жазуында. Ескілікке жетік, бірақ өлең сөздің әрқилы құрылымына шорқақ әлдебір қартаң кісілер көшіріп берген сияқты. Мәтіндегі жаңсақ оқылымдар өз алдына, шумақтар мен қайырымдар, жеке тармақтар тиісінше толық жіктелмеген, мыйдай араласып жатыр. Шәкерімге ғана тән, жаңалықты уәзін атаулы жоққа сайған. Бірақ танып, ажыратқан кісіге жалпы сұлбасы аңдалып тұр. «Шәкерім түгелге жуық, – дедім, Әдекеңнің алдына қайыра келгенде. – Бірақ бұл күйінде ештеңеге жарамайды. Бастан-аяқ қайта жасау қажет...» «Өзім де солай ойлап едім, – деді Әдекең. – Қалпына түсіру үшін қанша уақыт керек? «Түпнұсқа кітаптар және жабық қордағы қолжазбалармен салғастыра, түбегейлі тексерген адам кемі он, он екі ай, бәлкім, одан да ұзағырақ табандап отыруы мүмкін... Ең дұрысы – осындағы Балташ Ысқақов сияқты сауатты, іждағатты бір-екі ақсақал бастан-аяқ қайта көшіріп шықса, ұтымды болар еді...» Әдекең дағдарып қалды. «Әзірше, –

дедім мен, – мәселе көтерілген кезде, тиесілі бір кісілерге таныстық үшін осы қолжазбаның өзі де жарап қалар...» Әдекең ашып ештеңе айтпады. Шындығында, бар кілтипан мына шалағай көшірмелерге емес, Шәкерімнің өз басына тіреліп тұрған. Сиқырлы бір шеңбер. Азаматтық тұрғыда ешқандай ресми айып жоқ. Анау бір жылы, біздің студент кезімізде, Әбділда Тәжібаев өзі басқарып отырған «Қазақ әдебиеті» газетінде көтерген. Қолма-қол жоққа сайды. Енді мен жасырын, астыртын жағдайда Ленинград жинағына өткізбекпін. Оның да ақыры белгісіз... Әдекең басын шайқады. «Жата-жастана көрейік, – деген. – Шәкерім осы беті жабық қалмауға тиіс. Қайта қозғаймыз...» Бар сөз осымен тәмам болды. Әдекең Әдебиет институтын тура сегіз жыл басқарған. Шәкерім мәселесін дабылдатпаса да, ұтымды санаған әрқилы жолмен біраз жерге апарған сияқты. Нақты кілттипандарын білмеймін, соңғы нәтижесі белгілі – Абайдың ізбасар інісі баяғы жабық күйінде қалған. Ақыры, қазақ халқының ардагер азаматарын қырып-жойған, бүткіл ел-жұртын жоққа айналдырмақ ғаламат геноцид ұйымдастырған совет өкіметінің тәсілім сағаты алдында басқа арыстармен қатар Шәкерім де қайта тірілгендей болды. Енді аяқ астынан қаулап шыққан ұлттық патриоттар қатарында Шәкерімшіл оқымыстылар да бой көтерген. Басы сол кездегі институт директоры Зәки Ахметов болып, бұрнағы жетекшінің сейфінде қалған манағы шалағай қолжазба жинаққа жармасады. Өзара адал бөлісіпті. Сол қалпында «академиялық» жинақ әзірленеді. Манағы мыңдаған қатесімен қоса. Біз баспа рецензенті ретінде көлденеңнен араласып, бірер жүзін түзеп берген едік. Бұл кезде «Жалын» баспасының директоры Қоғабай Сәрсекеевтің қалауы бойынша өз тарабымыздан Шәкерімнің шағын бір томдығын дайындап, бар өткелектен асырып, өндіріске тақатып қойғанбыз. Зәки Ахметов ежелгі мұраның жалғыз иесі біз боламыз деп, қоймай сұратып алды, біржола тоқтатпақ, тыйым салмақ болды, сонымен қатар «академиялық» жинақтарына бізден бірталай көшірме жасады – тағы бірер жүз түзету. Онымен оңалып кеткен ештеңе жоқ, ұлы ақынның үлкен кітабы быжыған қатемен шықты. Біз енді атаулы басылымға арнайы пікір жазып, тағы қаншама былыққа нұсқадық, қалған қателерді қалай түзеу туралы ұсыныс, пікірлерімізді айттық. Бәрібір оңбады. Шәкерім сол алғашқы «академиялық» жинақ негізінде әлі күнге бұрмаланған, бұзылған қалпында басылып келеді. Хош. Сөз ретімен айтып жатырмыз. Бақытсыз ақынның бейбақ кітаптары кейінде түзелуге тиіс деген долбармен. Және Шәкерім тарабында Әди Шәріповтың де жақсы ниеті болғанын еске салу үшін.

Ғылым академиясының Әдебиет институтында соңғы он бес жыл бойы тоқталмаған дау-дамай, алауыздық пен тартыс осы Әдекең басқарған кезеңде біржола жоққа сайған еді. Жаңа директор жалпыға ортақ, әділ, кең болды. Ғылыми қызметкерлер еркін жағдайда, байсалды жұмыс жасауға мүмкіндік алды. Мұндай игіліктің шет-жағасын біз де көріп едік. Аптадағы бес күндік жұмыстың екі күні – шығармашылық есебінде, яғни бір жетіде үш-ақ күн бой көрсетуіңіз керек. Оның өзінде ертеден кешке дейін емес. Танертеңгі тоғыз-онда қызмет журналына қол

қоясыз. Содан соң кейбіреулер көлбедеп жүреді, кейбіреулер кітапханаға кеткен есепте, көпшілігі үйге қайтар еді. Мұндай еркіндік Жазушылар одағында да жоқ. Таза ғылым соңындағы кісіге ұжмақ мекен сияқты. Ал жалқаулар үшін нағыз жерұйық. Академияның басқа тарабын білмеймін, гуманитарлық институттарда түгелдей осыншама еркіндік, шектеусіз мүмкіндік болды. Мен ендігі бар ғұмырым осы Әдебиет институтында өтетін шығар деп шамалаған едім. «Жазушы» баспасының» қысаң, қытымыр жағдайынан соң анық еркіндікке жетіп, екі тарап жазуда ғана емес, өткенді қопару, таным мен білік тұрғысында да өнімді жұмыс жасауға жол ашылды.

Сырттай қарағанда, мен Әдекеңе ең жақын адамдардың бірі саналсам керек. Екеуіміз де Семейлік. Және Жазушылар одағынан келдік. Шын мәнісінде Әдекеңнің жершілдігі де, топшылдығы да жоқ. Біздікі – бірі екіншісінің нарқын білген әріптес түсіністік қана. Әди Шәріпов, әлбетте, Ілияс Есенберлин емес, бұзып-жарып жүрген ештеңесі жоқ. Алайда, өзіндік тура жолы, айнымас, қалыпты мінезі бар. Қандай да қадамы өлшеулі, нық. Ол замандағы көптеген басшылар сияқты өктемдігі байқалмайды, бірақ бар ісіне тиянақты, қатқыл, сонымен қатар, жалпы жұрт үшін игілік жолында. Мен Әди Шәріповті қилы заманда, қиғаш күндерде ғұмыр кешсе де, ешқашан адалдықтан айнымаған және ешқашан пенделік қате жасамаған адам деп бағалаған едім. Ал Әдекең мені жазушы және ғалым ретінде таныса керек. Сыйластығы да осыған орай.

Әдебиет институтының Әдекеңнен бұрынғы, неше жыл бойғы директоры – жас кезінен-ақ партияның жолын кәміл танып, берік ұстаған, саяси-идеялық тұрғыда сенімді, һәм өзінше іскер адам, ешқандай елеулі ғылыми еңбегі жоқ, әйткенмен, советтік, мәнсіз бір такырыпта қорғаған ғылым кандидаты болатын. Академиялық институттың директоры үшін жетімсіздеу көрінбек. Соған орай, кейінгі жылдарда докторлық дәрежеге талап етіп, қарсы беттегі мықтылардан аса алмаған. Алайда, кеміген ештеңесі жоқ, одан әрмен жоғарылап, министр болып кетті. Әди Шәріпов бұдан да үлкен қызметтер атқарды, әрі жау тылындағы партизан отрядының командирі болған соғыс ардагері мәртебесі бар, сонымен қатар, бұрнадан-ақ ғылым кандидаты, осылай жүре берсе уақасы жоқ, алайда, үлкен институтты басқарып отыр, бұл дәрежені қомсынса керек. Оқылымды, көпке тараған шығармалары өз алдына, енді ғылым докторы болуға ниет еткен. Көп ұзамай үлкен еңбегі де дайын болыпты. Директор кабинетіндегі оңаша бір отырыста менің алдыма тартқан. «Оқып көр, іске жарай ма, олқысы мен олпысы болса, жасырмай айт, әлі де жетілдіре түсу қажетін өзім де біліп отырмын», – деген. Бұдан он жыл бұрын Жұмағали Саин шығармашылығы туралы еңбек жазған, ендігі жұмысының ауқымы – біршама, «Қазіргі дәуір және қазақ әдебиеті дамуының проблемалары» аталады екен. Айтпаса да біліп тұрмын, докторлық диссертацияның әуелгі нұсқасы. Мен үйге апарып, оншақты күн орайында мұқият қарастырып шықтым. Оза шапқан ештеңесі жоқ, сонымен қатар, бізде қорғалып жатқан диссертациялардан төмен емес. Бір сөзбен айтқанда,

замана деңгейінде. Кітап болуға да, докторлық атакқа да жарап жатыр. Оңды пікірімді айттым. Сонымен қатар, ұсақ-түйек кінәрат. Қазір есімде жоқ, нақты тіркеп көрсеткем. «Тілі қалай екен?» – деді Әдекең маған күдіктене қарап. «Қазіргі докторлық диссертациялардың көбінен жоғары», – дедім. Қосыла күліп алдық. Шынында да, бірталай көркем шығарма – хикаят, әңгіме, сапарнама кітаптарын жазып жүрген, қаламы бастыққан жазушы ғой. Көптеген доктор, кандидаттардың мақала, монографияларындағы тіл тұтқырлығы ұшыраспайды. Еркін, көсіле жазыпсыз, дегем. Және артық әсіресіз, байыпты, салмақты сөйлемдер. Бар әңгіме сонымен бітті. Менің Әдекеңе арнап жасаған бар қызметім де осымен тәмам болған. Атаулы еңбек емес, әдепкі рецензент деңгейіндегі пікір.

Академия мен үшін соншама жайлы десек те, төңірегім тымырсық еді. Мұндағылар менің әрбір прозалық кітабымды үдірейіп қарсы алады. Солардың есебінен жазылып жүргендей. Жоспарлы ғылыми жұмысым артығымен орындалып жатуы есеп емес. Әдебиет тарихы бөлімінің меңгерушісі, яғни менің тікелей бастығым Ысқақ Дүйсенбаевпен арамыз салқын. Бұрнада, баспада отырғанда, жоғарыдан жоспарға енген, кертартпа көзқарасы мол зерттеу кітабын бір домалатып алғам. Енді маған қауіптен қарайды, ұнатпаса да батпайды, тіпті, именіп тұрады дер едім, ал мен сыпайыдан аспаймын, әйткенмен, жаңа жағдайдың өзінде теке-тірестен тайынбасам аңдалып жатса керек. Түсіністі татулық мүмкін емес еді. Қарымта қайыра алмас, бірақ ниеті басқаша екені күмәнсіз. Осы ретпен, бөлімдегі әріптес ағайынмен арада да жылылық жоққа тән. Мен кездейсоқта «ғылыми ортаға» түсіп қалған, тұрғысы да, тұрпаты да жат кісі болсам керек. Осы ғана емес. Ленинградта «Қазақстан ақындары» жинағының төтенше дауы басталған. Қазаққа жанашыр саналатын, баяғыда Мұхтар Әуезов туралы кітапша жазып, «Правда» газетінде сынға ұшыраған, нәтижесінде қазақ әдебиетінің маманы ретінде танылған, бұдан соң Даниэль мен Синявскийдің саяси сотында қоғамдық айыптаушы болып беделге жеткен москвалық әдебиетші Зоя Кедрина бастап көтеріп еді. Оған сол тараптағы тағы бір білгіш қосылды. Идеялық тұғырымыз тайғақ деген айыпқа бейімдеп тұр. Әуелде маған сенімді баспа редакциясының өзі именіп қалған. Дүбара күмәнді. Оларға тыныштық керек. Жанжалдың әуелгі толқыны Жазушылар одағына келіп қайтқан. Қарсы, оңды пікір берілді. Енді Академияға жетсе... ғылыми тұрпатымен қатар, ресми сыпаты да мол, тұйық мекеме екен, қолдай қоюы неғайбыл, тіпті, өздері бұрнада қарсы болған ежелгі әдебиет тарабында маған көпе-көрнеу қысас жасалуы мүмкін. Қазір қаражат жағдайым тәуір, жаңа кітаптарым шығып жатыр, еркін шығармашылық жұмысқа кету жөнін ойластыра бастағам. Осы кезде күтпеген жерден Серік аға Қирабаев мені ҚазПИ-ге шақырған. Саған студенттерге лекция оқу қиындыққа түспейді, асса аптасына алты сағат, қысқы демалыс қырық күн, жазда төрт ай еркіндік, және бүгінгі жастардың ортасында боласың, жазушылық қызметіңе де пайдасы мол, деп үгіттеген. Ең бастысы – екі, асса үш жылда докторантураға шығармақ. Яғни, айлығың толық

сақталған, тұтас екі жылға еркіндік. Мен азғана толқып барып, үш күннен соң мақұл көрдім. Басқасының үстіне, докторантурадан соң бекімді қызмет атаулыдан біржола кетем, таза шығармашылық жұмысқа көшем деген ішкі есеп бар. Ақыр түбі шынында да дәп осылай болды. Тек көлденең жағдайлармен, ұстаздық жұмыс екі жыл емес, төрт жылға созылып кеткен. Есебі, 1976 жылдың көкек айының басында, ендігі бар ғұмырым осында өтеді деп білген Ғылым Академиясынан біржола кеттім. Әдекең қиналып барып келіскен.

Осыдан соң Әдекеңмен арамыз алыстаса керек еді. Қайта, жақындаса түсіпті. Ұзаққырап барып. Оның да бірнеше себебі бар екен. Ең бастысы – әрине, жас айырымына қарамастан, екеуара қалыптасқан, әлдебір түсіністі адами жақындық. Одан біршама кейін елес берген жағдаят – қазақы ғұрып, мінезге қатысты. Әдекең осының алдында ғана біздің ауылдың қызы, өзі басқарған институтта кіші ғылыми қызметкер болып жүрген Клара Мыңжасароваға үйленген. Әди Шәріпов өмірінің соңғы кезеңі, ақырғы он жеті жылын айқындаған, сәтті оқиға.

Осыдан біршама бұрын Әдекеңнің қыздай қосылған зайыбы дүниеден өткен. Әлдебір қонақасыда бірге болғанымыз бар. Ұстамды, салмақты бәйбіше. Сонда, әлде кейінірек естідім, қазақтағы алғашқы парашютист қыз деген атағы бар екен. Әрине, бейресми абырой, кезінде газеттерде жазылса керек. Қайткенде өжет мінез көрсеткіші. Әдекеңнің болып тұрған кезінде таңдап тапқан қосағы. Енді бой жетіп, тұрмысқа шыққан екі қыз және ер жеткен жалғыз ұлы бар. Отағасы ретінде соқа басы. Арада бір, әлде екі жыл өтеді. Содан соң... ешкім күтпеген жағдай. Тоқталса да, толықсып тұрған сұлу келіншек... Клара Жағыпарқызы, ендігі Шәріпованың өзінің айтқаны және жазғаны бар. Әдекең емес, менің өзім, бәрін бастап бүлдірген, дейді. Қарап жүрсем, жағдайы болса да, күтімі жетіспейтін сияқты, жаным ашиды... Әрине, жанашырлықпен қоса, пенделік байып пен тереңнен көтерілген сезім толқыны. «Бір күні кабинетінде оңаша отырғанда бардым да айттым, дейді. «Әди аға, менің сізге тұрмысқа шыққым келеді...» – депті. Әдекең өз құлағына сенбейді: «Қалай, қалай?» «Сіз, мінеки, жалғыз қалдыңыз. Мен сізбен бірге тұрғым келеді. Айнымас жар болам!..» – дейді ғой. Әдекең сонда ғана есін жиыпты. «Апыр-ай... Сен жассың ғой! Қаншама жыл айырма бар...» «Сіз қартайып тұрған жоқсыз, – дейді талапкер келіншек. – Мен де жас емеспін. Отыздың жуан ортасына шықтым...» Клара көрікті болатын. Әуелгі тұрмыс сәтсіздігі ме, жанарында үнемі мұң ұялап тұрғандай. Әрине, көрікті әйел қашанда, бөтен ойы болмаса да, үлкен, кіші ер адамның назарын аудармай тұрмайды. Әдекең де көз салып жүрсе керек. Және бұрыннан, бала кезден танитыны бар. Ақыры көніпті. Көп ұзатпай, занды түрде тіркелген.

Мыңжасаровтар әулеті бізбен ауылдас болатын. Жай ғана ауылдас емес, аралас-құралас. Ең үлкені – Жүніс деген ақсақал еді. Менің үлкен әкеммен дос-жар кісі. Мен көргенде байыпты, салмақты қарт. Екінші Мыңжасаров – Тұнжыр деген, шынында да тұнжыр мінезді, қайратты кісі еді, колхоздың ең ауыр жұмыстарына жегілетін, ақыры мезгілсіз кетті.

Клараның әкесі – үшінші Мыңжасаров, мен өзім көргем жоқ, жасынан оқыған, көршілес Абай ауданында басшы қызметте болған. 1945 жылы ұлы Абайдың алғашқы, 100 жылдық тойы өткерілгенде, аудандық мереке комиссиясын басқарыпты. Онда Клара бес-алты-ақ жасар екен. Ерке қыз өз үйіндегі қонақасы кезінде, үкіметтік Алматы делегациясын бастап келген Әди Шәріпов ағасының алдына отырып алады ғой. Шынында да қызық емес пе. Отыз бір жылдан соң айрылмас қосағы болды.

Шындығында, қалай қабысса да, Әдекеңнің соңғы таңдауы айрықша ырысты болыпты. Бұл кезде алпыс үшке шыққан. Қазы жеп, қымыз ішкен қазақ үшін қайратты жас. Жай ғана үйлене салмаған, егде шақтағы ең соңғы махаббат дер едім. Жас жұбайымен жарасты тұрмыс кешті. Өмірінің соңғы күніне дейін, тура он жеті жарым жыл. Клара Жағыпарқызы өзінен жиырма жеті жас үлкен абыройлы қосағын алақанына салып, аялап, қастерлеп бағып-қағыпты. Біз көрген, басқалар да куә болған ақиқат жағдай. Өзара қатынастары, көпшілік орындағы жүріс-тұрыс, дастарқан басындағы отырыстары соншалық жарасымды болатын. Баяғы заманның байы мен бәйбішесі сияқты. Ең бастысы – үйлескеннен соң, келер жылы Әдекеңнің кенжесі – Әлия дейтін әдемі бала дүниеге келді. Осының алдында ғана жалғыз ұлынан айрылған Әдекеңді қайтадан серпілтіп, таусылмас қуанышқа бөлеген өзгеше перзенті. Нақтылап айтқанда, Әди Шәріповтың күн еңкейген шақ – соңғы, байырқалы он жеті жылдық ғұмыры, өткендегі, қай жағынан алғанда да бақытты өмір жолының заңды жалғасы болып шықты.

Әдекең дүниеден өткеннен соң Клара Жағыпарқызының шын болмысы таныла түскен, Әдекеңе лайықты серік қана емес, оның бар ісін жалғастырушы мұрагері екені жалпы жұртқа әйгілі болып еді. Алматының орталық бөлігіндегі үлкен бір көше Әди Шәріповтың атына берілді, атаулы музей үйі ашылды, еңселі, үлкен ескерткіші бой көтерді. Туған жеріндегі 100 жылдық мерейтойы және басқа да атаулы шаралар. Естелік кештері, кездесулер, жаңадан басылып жатқан кітаптар өз алдына. Біздің қазіргі жағдайда ешбір іс өз бетімен атқарылмайды. Қандай тұлға, қандай қайраткер болса да, елеусіз қала беруі мүмкін. Үкіметің мен партияңа бәрібір. Яғни, ең ірі қазақтың өзінің артында қозғаушысы болуы қажет. Жай ғана ынталы емес, іскер, өтімді, қажырлы. Әди Шәріповтың сүйікті қосағы, заңды мұрагері Клара Жағыпарқызы Шәріпованың бойынан осы қасиеттердің бәрі де табылған екен. «Орнында бар оңалар» деп халқымыз бекерден айтпаған ғой. Сөз ретімен алға оздық. Бұған дейін әлі қаншама заман бар еді.

Мен Академиядан кеткеннен соң, Әдекеңмен арамыз ұзарды. Бірақ үзілмеген сияқты. Әрқилы жағдайда ұшырасып қаламыз. Ақыры, мен 1984 жылы «Жазушы» баспасына қайтып барғанда жаңаша жалғастық. Бұрнада, Илияс Есенберлиннің тұсында, 1968 жылы екі повестен құралған бір томдық қалың кітабы, арада көп ұзамай, 1970 жылы «Алыс жағалаулар» атты сапарнама жинағы, бұған жалғас, 1971 жылы «Қапастағы жұлдыздар» атты топтамасы басылған. Үшеуі де менің алдымнан өтті. Менсіз де шығатын кітаптар. Тек екінші жолы, өзінің

қалауымен, шет елдік жазбалары туралы пікірлесіп едік. Өте жатық, қызғылықты жазылған екен, әрі танымдық мәнісі де мол. Нақты қандай әңгіме болғаны есімде жоқ. Тәрізі, ұсақ-түйек ескертпелер. Тұтастай алғанда, қазақ прозасы үшін жаңа тақырып. Әдекең өзіне сенімі артқандай кейіпте, менің бағамыма мейлінше риза болып еді. Баспаға кейінгі барысымда қай кітабы шыққаны есімде жоқ. Осының алдында ғана Екі томдық жинағы жарияланған. Маған арнап сыйлап еді. Өз кезегімде мен «Аласапыранның» екі кітабын тартқам. Әйтеуір, жақсы жұғысып кеттік. Әуелгі ықылас Әдекең тарабынан болған сияқты. Арнайы шақыру. Тағы бір жазарман ағайындар отырған дастарқан басында Әдекеңнің зайыбы Клара маған «бауырым» деп, жақындық білдірген. Біздің Бақытпен де, «келін» деп, іштарта сөйлесті. Бұдан бұрын, баяғыда Академияда жүргенде ешқандай қатынасымыз жоқ еді, тек сырттай ғана білістік, және, айттым, жанары мұңды Клара Мыңжасароваға тілектестік, түсіністік көзбен қарар едім. Қайткенде де түп негізі біздің ауылдан, арғы аталарын да, бергі ағаларын да жақсы білгем. Енді міне, «бауырым». Шындығында, шамалы ғана үлкен, бірақ мен құп алдым, оның үстіне, үлкен ағамыздың жұбайы. Сол арада дастарқан басында Клараның аталары туралы айтып едім. Арғы бір бабасы – Қанай батыр, Абылай заманы, қалмаққа, қырғыз бен қытайға қарсы соғыстарда үнемі қазақ әскерінің алғы шебінде шапқан Әбілпейіз сұлтанның сенімді қолбасшысы Жаназар батырдың оң қолы. Біздің ортада Айбас, Құнан, Тақай батырлармен қатарлас аталатын. Қанай әулетінің біраз жұртын танитын едім. Ұлдары тентек, қыздары өркеуде келетін. Клара әпекемнің осындай болмас жөні жоқ. (Бүгінде Алматыда Қанай әулеті, тағы бір өзгеше қыз бар. Тілеукең деген қарындасым. Өзіне лайық серік тапқан, азамат ұл тәрбиелеп өсірген.) Арғы ата туралы ақпардан соң Клараның өзінің әкесі Жағыпардың туған ағасы Жүніс қарт туралы айтып бердім. Ол замандағы шетін жағдай – жалғыз ұлы тұрақты қызметтегі әскери офицер екен. Москвада орныққан. Жүкең кемпірі өлген соң, жасырақ басқа бір әйел алған екен. Десе де, қараусыз қалды деп, осы баласы өзіне алып кетпек. Мектептегі кезім, біздің ақсақал мені ертіп, қоштаса барып еді. «Қиямет-мақшарда көрісейік», – деп еді көңілі босаған Жүкең. «Одан беріде көрісіп қалармыз» – деген менің атам. Айтқанындай, бір жылдан соң осы кейінгі кемпірі – өз үйіне қайтып оралды. Жерсіне алмапты. Ескіше айтқанда, тамағы тоқ, көйлегі көк. Баласы елбіреп, келіні құрақ ұшып тұрады. Алайда, құркұлтайдың ұясындай төрт қабырға ішіндегі жалғыздық. Басқаша тұрмыс кебі. Көндігу қиын. Осы орайда замандастары арасында әрқилы әзіл-қалжың, зілсіз әңгімелер шығып еді. Ең қызығы – орыс келін атасын өз есімі – Жүніс деп атағаны аз болғандай, әкесі Мыңжасарды қосып айтыпты – «Жүніс Мыңжасарыбыш» дейді екен... Орыс тұрғысында ең үлкен құрмет белгісі, ал қазақша – тіпті сөлекет көрінбегі анық...

Осы алғашқы қонақасыдан соң, туыстық аралас – әдепкі жағдайға айналды. Жасым көп кіші болса да, Әдекең өзіне тән кең, дарқан мінезбен әуелден-ақ қалтқысыз сыйлады, ал әпекем тіпті құлдырап түсті. Міне, осы

кезде мен ешқашан ұмытпас, ерекше бір жағдай болды. Желтоқсан оқиғасынан соң көп ұзамай. Әдекеңнің дастарқанында отырғанбыз. Менің көңіл күйім онша болмаса керек. Алматыдағы, Қазақстанның басқа қалаларындағы жас жігіттеріміз бен қыздарымызды әуелде ұрып-соғып, қанын төгіп, бұдан соң жапырлата соттап жатқан кез. Мұндағы балаларды айыптауға әлденендей ілгішек табылса, сыртта – советтік мадақ жырда айтылғандай, «Мәскеуден ең қиыр шетке дейін, – Түстіктен Терістік теңізге» – есебі, бүткіл империя шегінде міндетті әскери қызмет атқарып жүрген жігіттеріміз де, тек қана қазақ болғаны үшін қудаланып, қисынсыз жапа шегіп жатқан сияқты. Менің үлкен ұлым Мағжан да әскерде, анау-мынау емес, сол Москва қаласының өзіне барып түскен. Атап шағынбаса да, сараң жазылған хаттарынан анық байыптайтын едім. Бейсауат сөз арасында айтып қалсам керек. Әскердегі балалардың ахуалы қиындап кеткенін. Өзімнің уайымдап жүргенімді. Сол кезде Клара әпекем айтты: «Ештеңе қам жеме, – деді. – Біздің Әдеке министр обороны Язовпен жақын дос, андай-мындай кесел бола қалса, осы Дмитрий Тимофеевич Язовқа тікелей телефон соға алады...» – деді. Әдекең Клараға жалт қарады да қойды. Содан соң күтпеген жағдайда дағдарып қалған маған бейімдеп: «Осында, Орта Азия Әскери округінің қолбасшысы болды ғой. Соғыс ветерандары ретінде бұрын да кейін де жалғастығымыз бар...» – дегені. Бар болғаны сол-ақ. Бірақ бұдан артық не керек. Сол бір сәтте көңілім жайланып, байсал бір қалыпқа түскен едім. Ақыры Мағжан әскерден аман-есен оралды. Ерекше әңгімесін түгел естідім. Желтоқсаннан соң қатарынан неше күн таяқ жеген, ешқандай жазықсыз гаутвахтаға камалған, онда көршілес бөлімдерден шалдығып жеткен басқа да қазақ балаларымен табысқан, әйтеуір, ақыр түбінде атаулы пәле-жалаға ұшырамай, он екі мүшесі сау қайтыпты. Келесі кезекте екінші ұл Едіге тұрған. Бұл кезде әскер қатарындағы қазақ балалары түгел күмәнді, тексеріс қатты болса да, жағдай бұрынғыдан жақсарған, бәрібір қауіп-қатер көп, ақыры ол да үйірімізге қосылды. Осы үш-төрт жыл бойы Клара әпекемнің манағы риясыз сөзі үнемі көкейімде тұрған. Қазір де ұмыта алар емеспін. (Әдекеңнің Қорғаныс министрі Язовпен жақын білістігі үстіне, ол кезде үлкен мекемедегі басшылардың ең жоғарыға тікелей түсетін, ауызекі тілде «кремлевка» аталған үкіметтік телефоны болды. Ендігі Әдебиет институтын білмеймін, Жазушылар одағында бар еді. Және мұндағы обком секретары, министр атаулының бәрінде. Әдекең, шынында да, Брежневтен берідегі кез келген шендіге шыға алар еді...) Қазақы мінез-құлық бұзылған біздің советтік дәуір, одан соңғы бұлағай заман, күні бүгінге дейін жанашырлық, ізгілік сезім туралы ғасырлық ұғым мүлде көмескі тартты. Жасалған жақсылық қолма-қол ұмытылады, тіпті, жамандық ретінде өзіне қайтып оралатыны бар. Менің ұғымымда жақсылық атаулы және оның бағамы – адамның адамдығын айғақтайтын таразы. Өзге үшін емес, өзің үшін. Қарымтасы қайтуы шарт емес. Білсең, түйсінсең болғаны. Сондықтан да мен жасалмаған, бірақ ниет ретінде бүкпесіз айтылған жақсы лепесті бүгінгі күнге жеткізіп, қағаз бетіне түсіріп отырмын. Ұмытпастық үшін. Әдекеңнің есімі мен қызметі

жұртының жадында сақталып, жаңғыра беруі жолында қаншама еңбек жасап жүрген Клара әпекеме ықылас, пейілімнің риясыз бір көрінісі ретінде. Ал Әдекеңе құрметім әуел бастан-ақ айқын болатын.

Мемлекет қайраткері, танымал қаламгер Әди Шәріпов 1992 жылы сексен жасқа келді. Туған ауылы және тілектес ағайындар арнайы шақыртқан екен. Өкімет, обылыс әкімшілігі тарабынан ешқандай лепес жоқ. Әдекең ел-жұртына көптен бері ат ізін салмаған, енді, атаулы жағдай орайында барып қайтуға ризаласады. Қасына келіндерімен қоса екі інісін ертіпті – мен және тілші ғалым Сейілбек Исаев. Кенже қызы Әлия, одан соң Клара әпекемнің Әдекеңді әке тұтатын үлкен қызы. Ағайындас, әлде басқаша жақындығы бар тағы екі әйел. Және әдемі дауысты, қазақы әнші Майра Ілиясова. Үш машинамен аттандық. Әдекеңнің ақ «Волгасы» һәм жапоннан келген, ол заманда таңсық екі микроавтобус. Ең жақсы уақыт – жаз ортасына тақау, маусымның соңғы декадасы.

Жолай Талдықорғанның шеткі бір ауылында аялдадық. Құрметті қонақасы, жақсы тыныс. Әдекеңнің мерекелік салтанаты Аягөз ауданында басталған. Атаулы өзен бойына тігілген ақшаңқан киіз үйлер. Арғы күні Жармаға жеттік. Мен алғаш рет жазды күнгі Қалба тауын көрген едім. Өзара иектес, жалғас, тапалтақ биіктер. Сай-сайы қалың қараған, етегінен төбесіне дейін жапырыла ұйысқан қалың көде, арасында ағып, суала бастаған қызыл бүлдірген. Қазақтың малға жайлы ежелгі қоныстарының бірі. Жеріне жұрты сай. Қошамет, құрмет шектен асты. Дабыралы той емес, дарқан демалыс. Үш, әлде төрт күн жаттық қой деймін. Бұдан соң Әдекеңнің туған мекені – совхоз орталығы Мариновка қыстағына бардық. Мәдениет үйінде қаншама жерлестер жиналған ықыласты жиын болды. Мен сөйледім. Әдекең өткен ғұмырына қанағат, бүгінгі ел-жұртына рақмет тұрғысында қысқаша лебіз білдірді. Атап айту керек, бұл кезде Семей обылысының бұрынғы басшысы, ұлтшыл, әрі шешімтал қайраткер Кешірім Бозтаев қызметтен шеттеген, жаңа қалыптағы әкім – әлде орыс, әлде басқа, әйтеуір, «итке темір не керек» жағдайындағы белгісіз біреу. Ресми тұрғыда Әди Шәріпов дейтін мемлекет және қоғам қайраткері, танымал жазушыға қатысты зәредей ілтипат болмады. Онысын жоқтап жатқан және ешкім жоқ. Барлық шаруаны ұйымдастырып жүрген – Әдекеңнің өзінің баласы есепті азаматтар мен зерделі інілері. Желтоқсан оқиғасы кезіндегі күмәнді пиғылы үшін Ауғанстанға барып қайтқан, енді облыстық Ішкі істер мекемесін басқарып отырған генерал Марат Қалматаев және осы Жарма өңіріндегі кен орындарының жетекшілері бар. Атаулы, атаусыз тағы қаншама қосшы. Ең бастысы – қалың қазақ. Бір ауылдан бір ауылға қатынарда тұтас автокеруен болып жүрдік. Ақыры, ең жақын деген бір топ Әдекеңнің кіндігі кесілген ата қонысына беттеген едік. Кейін Әдекеңнің өз атымен аталған Мариновка қыстағынан, шамасы жиырма-отыз шақырым жер. Осы сапарда Әдекең әлденеше рет аузына алған Ағынықатты дейтін, шынында да ағысы екпінді, мол сулы тау өзенінен өтіп, біршама өрең аңғарға шықтық. Қатарлас екі жотаның ортасындағы, ені жүз елу метрдей, ұзыны жарты шақырымға тақау әдемі ұйық екен. Төменгі бетінде өңкиген үлкен құрылым көрінеді. Қатарында

жұпыны қыстау. Біз жоғарырақ түскенбіз. Қаптаған тас қора екен. Қоралар сұлбасы. Алтау-жетеу, әлде оншақты. Қабырғасы бүтін біреуі жоқ. Бәрінің де шашыла жер болған іргелері ғана жатыр. Менің ата жұртым Көпбейіт-Босағада дәп осындай еңіс, сайлауыт қырқаның күнес бетінде ескілікті тас қоралар бар еді. Бала кезім, мен көргенде төртеу-бесеу, түгел бүтін, тек төбелері ғана жоқ. Тақау төңіректен шіл аулағанда ішіне кіріп, сыртынан айналып, тамашалап жүремін, көбіне іргеде, жұқалтаң қарда торғайотын үңгіп, жайылып жатқан топты шілді атуға оңтайлы қалқа. Ал тас қабырғалардың қалануы шебер, ішкі беті теп-тегіс, әр тұсында шам қоятын, әлденендей ұсақ-түйек орналасатын текше қуыстары бар. Мен студент болған шақта түпкі қабаты ғана қалып, түгелдей жоққа айналды. Совхоздың жаңа құрылыстарына кетіпті. Көбіне іргетас үшін. Мына қыстаулар да сол сияқты. Ескілікті үйлердің табаны ғана жатыр. Сол кезде назар аудардым – төмендегі, ауқымды, аса үлкен құрылым – тәрізі қой қора, немесе склад – түгелімен осы қыстаулардан алынған тастан қаланыпты. Ежелгі қоныстың, қайткенде өшпес орны ғана қалған екен. Көңілге кірбең түсті. Өткен өмірге деген мұнды сағыныш. Әдекең дәп осындай ойлы қалыпта бәрімізді бастап, байырғы, қазақы қоныстың орта тұсы, өрең беттегі бір қораның басына алып келді. Көне қыстау орны. Бар бедері анық көрініп тұр, жерге сіңісті екі-үш қабат тасы бар. «Міне, мен туған үй, – деді дауысы сәл-пәл дірілдеп. – Осы үйде тудым, ес білгенше осы үйде өстім. Қыс қыстауда...» Заманында көрнекті болғаны анық аңдалады. Төрде үш бөлме қоржын там, шағын дәлізі бар, оң жақ қанатта – жалғас салынған үйшік, әлде тошала. Әдекең нұсқап көрсетіп тұр. «Әкем Шәріп менің екі жасымда қажыға кетіп, сол жолдан қайтпаған ғой. Жұрт қажы атағына қарап, ірі бай болған деп ойлайды. Міне, қой қорасы тым ықшам. Шаруасы шағын екен...» – деді. «Әдеке, бұл – күнделікті сойысқа арналған малдың тұрағы емес пе. Мың қой, бес жүз жылқы басқа бір, кең жерде қыстамай ма!?» – дедім мен қалжыңдап. Әдекең ештеңе демеді. Ескі қораның тасын сыйпады, іштей мұнажат айтып тұрғандай. Міне, осындай ескі қоныс, кейінгі аштық пен зобалаң, тар өткелек, ақыры абырой-атақты, өзгеше тағдыр...

Осы сапардан соң Әдекең небәрі он алты ай ғана ғұмыр кешіпті. Жұбайының бізге айтқаны, кейінде жазғаны бар. Әдекең өмірінің соңғы кезеңінде ежелгі мекенін қайта көргісі келіпті, алайда, денсаулық жағдайы төмендеп кеткен, ешқандай мүмкіндік жоқ. Арада он жыл өткенде, Әдекеңнің тоқсан жылдығы – туған ауылындағы атаулы шаралар кезінде, Клара әпекем бастап барып тағы көрдік. Бұл кезде бұрнағы колхоз, әлде совхозға тиесілі кейінгі қой қора мен малшы қыстауы мүлде иен қалған. Көкжасыл кең алқап біржола құлазып жатыр. Жан жоқ, есесіне, жүз сан суыр іні. Қазып, қопарып тастаған. Үйінді дымқыл топырақ үсті айқыш-ұйқыш із, шашыраған құмалақ. Әлбетте, мұншама көп суыр алыстан-ақ бой жасырған, тым құрса біреуінің тұмсығын көрмедік. Баяғы Шәріп қажының, кейінгі Әди ағаның құтты қонысы жабайы аң тұрағына айналыпты. Фәни дүние деген осы. Бірақ екі аяқтылар басып, топыр болып жатқаннан, табиғаттың бұла жануары, бар

тарапта жойылып бара жатқан тарбаған иелігіне көшкені жөн бе дедім. Қайткенде, ежелгі табиғи алқап өзінің әуелгі қалыбын сақтайды ғой...

Сол Әдекеңмен алғашқы сапарда Қалбаның тауы ғана емес, тал-теректі сайы, өзен, бұлақ бастарында да тыныс тауып, қайсы бір жерде алтыбақан құрылған, ашық далада от жағылған, түнгі аспанды дабылдатып, қосыла ән шырқаған өзгеше мерекеде екі аптадай уақытымызды өткерген едік. Жармадан соң Жаңа-Семей ауданын шеттей өтіп, бұл жерде де алдан шыққан азаматтардың құрметін көріп, ақыры ұзақ серуен, өзгеше тойымыз Абай ауданы, Қарауыл – Шыңғыстауда өзінің салтанатты мәресіне жетіп еді. Ең соңғы тағзым – Жидебай, – Абай атамыздың басында атқарылған. Алматыға қайтар жол да аялды, мерекелі болыпты. Бәрі де ғажайып. Ең ғажайыбы – Әдекеңнің өзінің ерекше дарқан, көл-көсір кең, риясыз мінезі, қазақы мәдениеті екен. Біздің үйдегі келіні Бақытжамал қатты таңырқаған. Қарапайымдық, сабыр мен салмақ, байсал сөздері өз алдына, үлкен-кішіге бірдей табиғи ықыласы, әсіресе, серік болып жүрген біздерге ілтипаты ерекше танылыпты. Қазақтың талай жақсысын көрсе де, әлі күнге айтып отырады, Әди аға ерекше адам екен деп.

Әдекеңнің ата жұртына барғаны – байтақ туған еліндегі бой жазған ең ақырғы сапары болып шықты. Сол кездің өзінде кейінгі қатерлі сырқатының алғашқы белгілері байқалса керек. Бірақ ешкімге сыр бермеген. Қалай дегенмен, ұзақ жол, үздіксіз дастарқан, жалғасты мәжілістер – Әдекең шаршамаған, керісінше, қуат алып, тыңайып қайтқан еді. Бұдан соң да, күнделікті болмағанымен, үздіксіз көрісіп жүрдік. Әредік қонақта, мен қызмет атқаратын «Жұлдыз» журналының редакциясында. Кейінде жазған, өз қолымен тапсырған мақала, естеліктері басылды. Соңғы бір келісінде жүдеу көрініп еді. Қартаң кісілердің ауырмай-сырқамай-ақ еттен арылатыны болады. Мен онша мән бермеппін. Ақыры, қарашаның алғашқы күні, кешқұрым қаралы хабар жеткенде, мүлде тосын естілген. Қолма-қол көтеріліп, бәйбішеммен, Едіге дейтін баламмен үйіне бардық. Клара әпекемнің көзі жас, жүзі сынық, бірақ табиғатында жігерлі, қатқыл жан, өзін өзгеше жағдайға лайықты ұстады. Кенже қызы, небәрі он бес жастағы Әлиянің жағдайы басқашарак еді. Әкеңнің арманы жоқ, жақсы өмір сүрді, сені өсіріп, жеткізіп кетті дедік. Біздің Едіге бұл кезде Мұнхендегі «Азаттық» радиосының Алматыдағы тілшісі болатын. Сол түні атаулы мақала жазды, қолма-қол, ертеңіне таңертең эфирге шығып еді. Яғни, Әди Шәріповтің дүниеден өткені әлемдегі бар қазаққа жетті, тіпті, мұндағы қазақтың өзі алғаш рет осы халықаралық радио арқылы естіген.

Қайткенде де Әдекең – Әди Шәріпов айрықша бақытты адам екен. Ғұмыр жолын зобалаң заманда бастады. Қиындық көрсе де бұғауға түспеді. Қырғын соғыстың алмағайып талқысынан аман шықты. Бірден-ақ үлкен санатқа ілінді. Бар жұмысын абыроймен атқарды. Қиыс күндердің өзінде қиғаш сөйлемеді, әнтек істерге ұрынбады, ар-иманына кір жұқтырмай шықты. Ақыл-парасаты, берік жүйкесі мен ұстамды мінезінің арқасы дер едік, әйткенмен де, бармақтай бақ, сәтті тағдыр

нәтижесі. Бұдан соңғы, біршама кеңшілік дәуірде тағы да игілік жолынан айнымаған. Тек осы ғана емес. Жайлы заманда жақсының өзінің арты әрқилы болып жатады. Абай атамның сөзімен айтқанда, «жайнаған туы жығылмай, жақсы өлген» Әди Шәріповтің арты да жақсы болды. Жоқтаушысы бары, ел-жұртының құрметі ғана емес, әуелден маңдайына жазылған өзгеше талайы дер едім.

31.I. – 3.II.2018,
Силвер Спринг, Мэриленд, АҚШ.